

"2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы №10704 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 11931 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 қыркүйекте № 6441 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы № 10704 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6250 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 20 сәуірде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №11931 қаулысына қосымша
Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы №10704 қаулысына қосымша

Қызылорда қаласы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша (жеке меншік және мемлекеттік)	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар

1	2	3	4	5	6	7
1	Қызылорда қаласы	18 660	260	0	44	0

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)					
Балабақша (жеке меншік және мемлекеттік)		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
8		9	10	11	12
464 (040) мектепке дейін білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	124 (004) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру				
29 680 теңге	24 390 теңге	11 540 теңге	0	18 488 теңге	0

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Балабақша (жеке меншік және мемлекеттік)	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
13	14	15	16	17
10 000 теңгеден төмен емес 10 а.е.к-тен жоғары емес	10 000 теңге	0	10 000 теңгеден төмен емес 10 а.е.к-тен жоғары емес	0